

человек. Минимальное число выбывшего населения пришлось на 2012 год, составив – 555 человек.




Рисунок 11. Сальдо миграции в Карасуском районе на период 2010 – 2015 годы[2]

В Карасуском районе наблюдается отрицательное сальдо миграции. Это связано с тем, что большим количеством граждан, покидающих район, и сравнительно небольшим количеством прибывших граждан. Ежегодно Карасуский район покидают от 500 до 1000 жителей. Наибольшую долю покидающих Карасуский район составляют молодые специалисты, из-за отсутствия перспектив. Большая численность эмигрантов уезжают на ПМЖ в такие страны, как Германия, Россия, Беларусь, Украина [3]. Так же люди в поисках «лучшей» жизни уезжают в поисках работы в крупные города Казахстана или приграничные города России – Челябинск, Екатеринбург [3].

Таким образом, не смотря на то, что Карасуский район по ряду направлений является одним из стабильно развивающихся районов Костанайской области многоотраслевая экономика которого, имеет перспективный потенциал, все же демографическая ситуация нестабильная. В районе наблюдается уменьшение численности населения, за счет миграционных оттоков населения. И эта тенденция характерна не только для Карасуского района, но и для ряда других районов области.

Список использованной литературы

1. Официальный сайт Карасуского района – <http://2.karasu.kz/>
2. Демографический ежегодник Костанайской области;
3. Программа развития территории Карасуского района на период 2010 – 2015 года.

Баймаганбетова К.Т¹, Аманжолова Л.Т²

1. Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы

2. Студент 4 курста, Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы, мамандықтың «География»

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

География ғылымы көптеген аспектілерді қарастырады: нақты бір мемлекеттің территориясының масштабы мен көлемін, оның географиялық орналасуын, топографияны, климатты, ауыл шаруашылық өндіріске қолайлы жағдайын, табиғи ресурстарын, теңізге немесе мұхитқа қолжетімділігін және де тағы басқаларын. Осы аспектілер мемлекеттің шынайы және потенциалды мүмкіндіктерін көрсететін параметрлерді анықтайды. Ал ол өз кезегінде мемлекеттің әлемдік қауымдастағы рөлін анықтап береді. Мемлекеттің құрылу, даму және құлау тарихы тәжірибесінен жалпы жер, шекара, мемлекет территориясы маңыздылығы жөнінен асып түсетін стратегиялық ресурсты құрайтынын көруге болады. Мемлекеттің географиялық орналасуы, оның мұхит пен теңізге жақындығы немесе алшақтығы маңызды нарықтарды игеруін анықтап береді. Мемлекеттің шекарасының жақынырақ орналасуы да оның ұлттық мақсаты мен қауіпсіздігінде айтарлықтай орын алады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында ел дамуының басымдығы ретінде шекарадағы ұлттық қауіпсіздікті, ішкі әкімшілік-аумақтық бірліктердің тұрақтылығын қамтамасыз ету анықталған.

Территория - өзіне тән табиғаты бар құрлық бетінің бір бөлігі, сондай-ақ адам шаруашылығы мен ресурстарының нәтижесінде құрылған бөлік.

Мемлекеттік шекаралар - мемлекет территориясының шегін (құрлық, су, жер қойнауы, ауа кеңістігі), яғни суверенитеттіліктің таралуын анықтайтын сызық.

Мемлекеттік шекаралар мемлекеттік территориялар шегін анықтайды. Құрлықтың тіршілік ететін барлық бөлігі және оларға жататын теңіздік кеңістіктер саяси шекаралармен бөлінген. Саяси сипаттамада мемлекеттіктен басқа мемлекеттік емес шекаралар да бар: халықаралық келісім бойынша, келіссөздік, уақытша, демаркациялық.

Жалпы, шекара дегеніміз белгілі бір аумақ шегін - құрлығын, суын, жер қойнауын және әуе кеңістігі айқындайтын сызық және осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық. [1]

Қазақстан Республикасындағы Ақмола облысының алатын орнын табиғи – географиялық, экономикалық - әлеуметтік және саяси тұрғыдан алсақ та маңызы зор. Аймақтың әкімшілік – аумақтық құрылымында географиялық тұрғыдан ең қолайлы.

Ақмола облысы – Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық бөлігі, республиканың солтүстік бөлігінде орналасқан. Ақмола облысы Қазақстан Республикасының орталық бөлігінің солтүстігінде, Қазақтың ұсақ шоқыларымен Теңіз ойпаты шеңберінде орналасқан. Ол 1939 жылы 14- қазанда құрылған. 1961 – 92 жылдары Целионград облысы болып аталды. Жер аумағы 146,2 мың км². Облыс территориясының ауданы 96, 8 мың шаршы шақырым.[2]

Ақмола облысы батыста – Қостанай, солтүстікте – Солтүстік Қазақстанмен, шығыста – Павлодар және оңтүстікте – Қарағанды облыстарымен шектеседі. Ақмола облыс құрамындағы екі қала - Көкшетау мен Степногорск облыстық маңызға ие, 8 қала, сондай-ақ мұнда 17 ауылдық аудан, 14 кент және 244 ауылдық округ бар.

Ақмола облысының шекарасының қалыптасуын анықтайтын бірнеше факторлар бар:

- Тарихи - мемлекеттің және оның территориясындағы ұлттың тегі, мәдениеті, дәстүрі, тілі мен дінінің ерте заманан бері қалыптасуы сол территорияда дамуы, мемлекеттің шекарасының қалыптасуын анықталған негізгі фактор;

- Геосаяси – мемлекет территориясының аймағында орналасқан этникалық топтардың ареалының аудандарда орналасуының басым болуы анықтайды. Мәселен, Қазақстанның барлық аудандарында өзге ұлттармен қатар өмір сүріп жатқан қазақ халқының мемлекет территориясында басымдығы;

- Табиғи – географиялық фактор мемлекет шекарасын анықтаудағы басты фактор. Ақмола облысының көрші облыстармен және мемлекеттерімен өз шекарасын анықтауда белгіленген жер телімдерінің географиялық орналасуы мен табиғат жағдайына аса маңызды мән беріп отырды;

- Этно –демографиялық - әкімшілік аудандардағы және жалпы ел ішіндегі халықтың санының абсолютті жоғары болуы және қазақ ұлтының санының басым болуы;

- Экономикалық – мемлекет ішіндегі орта есеппен жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы деңгейі, урбанизация мен экономикалық көрсеткіш ретіндегі миграцияның деңгейлері;

- Мәдени - өркениеттілік - ана тілінде сөйлеушілердің елу пайыздан астам болуы, дің мен ділдегі сенімнің ортақтығы, ұлттың ислам дінін ұстануы, яғни бір діңге сенушіліктері осы факторды анықтайды;

- Саяси – халықтық партиялар мен қозғалыстардың барлығы, саяси сауаттылық деңгейі, ұлтшылдықтың бет алмауы, көпшіліктің саяси жинақталуының жақсы деңгейде болуы. [3]

Әкімшілік – территориялық құрылым дегеніміз – географиялық, демографиялық, экономикалық және саяси факторларға негізделген мемлекеттік мақсат – міндеттеріне орай, сондай-ақ мемлекеттік билік мүшелерін топтастыратын әкімшілік – территориялық бөлінісіне сәйкес – сол елде қалыптасқан тарихи мемлекеттік басқару түрі.

Ақмола облысының әкімшілік – аймақтық бөлінісі сан рет өзгерді: біресе үш тізбекті (уез – болыс – ауылдық кеңес), біресе екі тізбекті (аудан – округ) жүйелері енгізілді. Сонымен Ақмола облысының әкімшілік аймақтық бөлінісінің жоғарғы тізбегі 17 аудан мен 2 облыстық маңызы бар қаладан тұрады (Сызбанұсқадан қараңыз). Ақмола облысының шекарасының территориясында, еліміздің бас қаласы – Астана қаласы орналасқан.

Қалыптасқан әкімшілік – территориялық бөлініс және әкімшілік – аумақтық құрылыстың басты принциптері жалпы сақталғанмен, жекелеген облыстарда, аудандарда, қалаларда және басқа да тұрғылықты елді мекендерде өзгерістер болды. Еркін экономикалық аймақтардың құрылуы мысал бола алады.

Әкімшілік – аумақтық бөлініс пен әкімшілік – территориялық құрылым түсінігін алып қарайтын болсақ айырмашылықтарды аңғарамыз. Егерде мемлекеттің әкімшілік – территориялық бөлінісін ауылдар, облыстар, аудандар және басқа да әкімшілік – территориялық бірліктер құраса, онда әкімшілік – территориялық құрылым мемлекеттік биліктің территориялық қызметінің барлық кешенін қамтиды.

Әкімшілік – территориялық құрылымға анықтамасына осындай көзқараспен қарау, келесі мәселелерді шешуге көмектеседі:

✓ Қазіргі таңдағы әкімшілік – аумақтық бөліністі қалыптастыратын географиялық, демографиялық, экономикалық және саяси факторларды қарастыра отырып, елдің әкімшілік – аумақтық бөлінісіндегі мәселелерді шешу.

✓ Әкімшілік – территориялық құрылымның құқықтық – нормативтік базасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келуі керек.

✓ Мемлекеттік билік органдарын аймақтық деңгейдегі мәселелерін жаңғырта отырып, Қазақстандағы өзін-өзі басқару перспективасын дамыту. [4]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. www.zakon.kz. Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы заңы.
2. Е.Ахметов, Н.Каменова, Ш.Кәрібаева, Б.Асубаев «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 8-сыныпқа арналған. Алматы, 2001 жыл.
3. Галихин Н.Н. К вопросу о реформе административно – территориального устройства РК. // Саясат 1997 г - №6.
4. Колосов В.А. Геополитическая и политическая география. Москва 2005 ж.

Омарова К.И.¹, Бражник О.О.²

1. *Научный руководитель, магистр географии, старший преподаватель*
2. *Студент 4 курса, кафедра Естественных наук, специальность «География»*

РАЗВИТИЕ ГОСТИНИЧНЫХ СФЕРЫ УСЛУГ ГОРОДА КОСТАНАЯ

Человечество всегда влекли неизведанные земли и страны, с этого и начались путешествия. Но для комфортного путешествия должно быть созданы все условия. Одним из важных условий является гостиничный комплекс. Что же такое гостиничный комплекс? Гостиничный комплекс - несколько зданий